Біз ата-аналарға балалармен жұмыс жасаудың мазмұны, нысандары мен әдістері туралы үнемі ақпарат беріп отырдық, ата-аналарды балаларына арналған тәрбие процесіне отбасылық ойындар конкурстарын, отбасылық альбомдар, газеттер және т.б. ұйымдастыру арқылы қосуға тырыстық. Топтық жиналыстар жылына 4 рет қашықтықтан өткізілді. Балабақшада ата-аналармен жұмыстың тиімді түрлері қолданылды: әр топта балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмелері және ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жылында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ата-аналар балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайды, тәрбиешілерге және бүкіл балабақшаға ризашылықтарын білдіреді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Педагогикалық ұжымның күш-жігері ата-аналармен жұмыс жасау тәсілдерін жетілдіруге, отбасымен өзара әрекеттесудің тиімді формаларын табуға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін тәрбиешілер шәкірттерінің отбасыларын зерттеді: балаларды отбасында тәрбиелеудің әлеуметтік-экономикалық шарттары, ата-ана тәрбиесі, ата-ананың тәрбие кезіндегі қиындықтары.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы, «Қариялар күні» мерекесіне орай «Ардағым-Ардагерім» атты іс-шаралар жоспары жасалынып, Отбасы күні қарсаңына ата-аналармен спорт нұсқаушысы А.Таспанова ұйымдастыруымен қашықтықтан «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайысы өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады.

Сонымен бірге, «Әкем, анам және мен – тазалықты сүйеміз!» атты ата-аналармен экологиялық қашықтық байқауы өтті.

Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырды. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Ойлаймыз да ойнаймыз» - фото көрініс, «Балабақша мен отбасы» атты педагогикалық консилиум, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар, «Баланың үрейі» психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» (кіші топ балаларын тамақтандыру) Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана баланың мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, балабақшаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар балабақша және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды.

Ата-аналар бөбекжайда қашықтықтан өткен сайыстарға белсенді қатысты, сонымен қатар, балалармен бірге дәстүрге айналған іс-шараларға, мейрамдарға ата-аналар белсенді қатысып, өз көмектерін аямады. Бөбекжайда ұйымдастырылған жұмыстарға ата-аналардың қанағаттануын анықтау және педагогтардың өздерінің кәсіби жұмыстарына деген қанағаттануын анықтау мақсатында, жыл сайын психолог ата-аналармен және педагогтармен сауалнама жүргізеді. Жыл бойы ата-аналарға арналған екі ашық есік күндері ұйымдастырылды. Олардың мақсаты жас ұрпақты тәрбиелеу және білім берудегі педагогтардың көптеген мақсат-міндеттерін іске асыру жұмыстарымен таныстыру болып табылады. Оқу жылы бойы ата-аналар комитетінің мүшелері белсенді жұмыс істеді.

2. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

2.1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы, айы	Ұлты	Қызметі	Білімі	Қандай оқу орнын бітірді, қашан ?	Диплом бойынша мамандығы	Өтілі		Санаты
								Жалпы өтілі	Пед өтілі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Ильясова Жанар Калдыбековна	15.08.1984	Қазақ	меңгеруші әдіскер	жоғарғы	Шымкент университеті	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	20ж	16ж	педагог сарапшы
2	Рахимова Багила Калдаровна	12.09.1987	Қазақ	музыка жетекшісі	жоғарғы	Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	12ж	3ж	

3		08.02.1986	Қазақ	тәрбиеші	жоғарғы	Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	10 ж.	5ж	педагог модератор
4	Ділдә Айтолқын Құрманқазықызы	09.05.1989	Қазақ	тәрбиеші	жоғары	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	9ай	2ж	
5	Жакыпова Макпал Ганыхановна	15.06.1973	Қазақ	тәрбиеші	жоғарғы	Қазақстан инженерлі педогогикалық халықтар достығы университеті	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	7ж	7ж	--

3.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау кестесі

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Соңғы өткен жылы		Білімді қайта көтеру, аттестациядан өту				
			Аттес.	Курс.	2024ж	2025ж	2026ж	2027ж	2028ж
1	Ильясова Жанар	Меңгеруші-әдіскер	2019	2024		А		К	
2	Рахимова Багила	Тәрбиеші		Өрлеу-2021	АК		К		А
3	Испанова Ұлжалғас	Тәрбиеші	2022	Өрлеу-2019	К				А
4	Ділдә Айтолқын	Тәрбиеші	2021	Өрлеу-2018	К	А			
5	Жакыпова Макпал	Тәрбиеші	2019	Өрлеу-2019	К		А		

2.3. АТТЕСТАТТАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ АТТЕСТАТТАУ

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Жауапты	Қайда қаралады
1	Балабақша бойынша сараптамалық кеңестің құрамын құру бұйрық шығару	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер	Меңгеруші жанындағы кеңес
2	Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комис. төрайымы	
3	«Аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту» туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. бұйрығымен таныстыру, кеңес беру.	Қыркүйек	Аттестат. комиссиясы	
4	«Әдістемелік аттестациялау мәселелері бойынша нұсқаулар» тақырыбында теориялық семинарларды ұйымдастыру	Үнемі	Әдіскер	
5	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету	Үнемі	Әдіскер	
6	Сараптау комиссияның жұмысы: а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен сұхбаттасу; ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Қыркүйек -қараша-қаңтар	Сараптау комиссиясы	
7	Сараптау комиссияның жұмысы: Ұйымдастырылған іс әрекетке қатысу; Іс-құжаттар папкаларымен танысу;Аттестаттау парағын толтыру; Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; Сараптау комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Оқу жылы барысында желтоқсан –наурыз	Сараптау комиссиясы	
8	Келесі аттестатциядан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу, біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагог портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша материалдарды сараптамалық кеңеске жылына екі рет өткізеді.	туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы	Аттестаттау комиссиясы	

2.3.1 Аттестатталатын педагог қызметкерлердің перспективалық жоспары

№	Аты-жөні	Қызметі	Аттестаттаудан өткен және өту мерзімдері									
			2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028	2028-2029	2029-2030
1	Ильясова Жанар	Меңгеруші-әдіскер					2025					
2	Рахимова Багила	Тәрбиеші	2020				2025					
3	Испанова Ұлжалғас	Тәрбиеші					2025					
4	Ділдә Айтолқын	Тәрбиеші								2027		
5	Жакыпова Макпал	Тәрбиеші						2025				

2.4. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІ АРТТЫРУ

(педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына қатысуы)

Мақсаты: Әр түрлі іс - шараларды өткізу әдістемесін жетілдіру. Оқу - әдістемелік, материалдық – техникалық әзірлемелер, ресурстармен қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру, педагогикалық эксперименттер жүргізу.

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Педагогтің әдістемелік бірлестік жұмысына қатысуы	Конференцияға	Дөңгелек үстелдерге	Вебинарға	Шебер сынып
1	Ильясова Жанар Калдыбековна	Әдіскер		Мектепке дейінгі ұйымда бақылау мен басқару жұмыстарын жандандыру			
2	Рахимова Багила Калдаровна	Музыка жетекшісі	Ұлттық музыкалық аспаптар арқылы ырғақты музыкалық ойындарды				
3	Испанова Ұлжалғас Мұсаханқызы	Тәрбиеші			Мектепке дейінгі білім беру ұйымында баланы бейімдеу кезінде жұмысы		
4	Ділде Айтолқын Құрманқазықызы	Тәрбиеші				Ұлттық тәрбие ұлағатты ұрпақ тәрбиесі	
5	Жакыпова Макпал Ганыхановна	Тәрбиеші				«Нейрогимнастика жаттығулары»	

2.5. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУІ

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Мақсаты	Жұмыс жоспары	Аяқталу нысаны
1	Ильясова Жанар Калдыбековна	Әдіскер	«Бөбекжай-бақша й-бақшадағы әдістемелік жұмысына басшылық»	Бөбекжай-бақша педагогтарымен, әртүрлі әкімшілік функцияларды атқаратын басқа да мамандармен ынтымақтастықты ойластыру. Педагогикалық ұжыммен жүйелі жұмысты құруға мүмкіндік беретін басқару қызметтерінің әртүрлі тәсілдерін пайдалана білу.	Жұмыс барысында педагогтардың бағдарламаны тақырыптық-күнтізбелік жоспарлау мен орындауды талдау және бақылау, жоспарланған оқу-тәрбие жоспары іс-шараларын орындау бойынша педагогтардың жұмыс нәтижелілігі, тәрбиешілердің әдістемелік бірлестігі жұмысын бақылау түрлерін жасау.	Әдістемелік нұсқаулық
2	Рахимова Багила	Тәрбиеші	Ұлттық аспаптар	Балаларға ұлттық аспаптар туралы терең мағлұмат беру, ұлттық салт дәстүрін бағалауға	Жоспар, шебер сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
3	Испанова Ұлжалғас	Тәрбиеші	Отбасы бала балабақша	Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту	Жоспар, шебер сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
4	Ділде Айтолқын Жакыпова Макпал	Тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйымда отбасы және балабақша ата -ана , бала , бағлабақша үштігін орнату	Ата-ана мен жұмыс.Бала бақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.Ата-аналарға балаларына үйден тәрбие беріп,балабақша тәрбиешілерімен тығыз байланыста болуын айту.	Жоспар, шебер сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық

3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЖҰМЫС

3.1. Әдістемелік көмек көрсету

3.1.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, шығармашылық потенциалын дамыту, әдістемелік қолдау көрсету.

Міндеті:

- білім беру кеңістігін кеңейту саласында педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру,
- топ жұмысы барысында алған білімдерін дербес және тереңдете кеңейтуге педагогтерді ынталандыру,
- педагог-жасаушыларды, педагог-зерттеушілерді іздеу және қолдау, олардың әзірлемелері мен идеяларын енгізуге жәрдемдесу,
- бірлескен жұмыста кәсіби мәселелерді шешу, бір-біріне Инновациялық процестерді игеруге көмектесу,
- жаңа педагогикалық әдістемелерді, технологияларды, дидактикалық материалдарды, білім беру қызметін жүргізу конспектілерін және т. б. әзірлеу, құрастыру, сынақтан өткізу және тарату.

Шығармашылық топтың құрамы:

Шығармашылық топ жетекшісі: Ильясова Жанар

Комиссия мүшелері:

Рахимова Багила - тәрбиеші;

Испанова Ұлжалғас - тәрбиеші;

Ділде Айтолқын - тәрбиеші;

Жакыпова Макпал -тәрбиеші

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурс тар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орындалу түрі	Эвாலюция
1	Жоспарлау: Шығармашылық топтың жұмыс жоспарын құру Түсіндірме жұмысы Дайындалған біртұтас тәрбие бағдарламасыны	Шығармашылық топтың жұмысын жүйелі, тиімді жүргізу. Құндылықтарға бағдарланған тәрбиені жоспарлаудың тұтас тәсілін енгізуді педагогтарға түсіндіру.	әдіскер	Жоспар	Қыркүйек	Топпен жұмысты жандандыру Біртұтас тәрбие бағдарламасын басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысын жүргізеді.	Шығармашылық топ отырысы «Әдістемелік диалог»	Әлеуметтік желіге жариялым, хаттама

	ң кешенді жоспары бо»йынша түсіндірме жұмысы							
2	Оқыту семинар «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны енгізу алгоритмі	<i>Тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету үшін білім беру мазмұнына кіріктіру</i>	Шығармашылық топ	Power Point таныстырылымы бейне жазба ресурстар	Қараша	<i>Балабақшадағы оқыту, тәрбиелеу жұмысындағы құзіреттіліктердің мазмұнына кіріктіріледі</i>	Семинар	Әлеуметтік желіге жариялым, бейне жазба, фото
3	Шебер сынып «Ынтамақтың түбі- игілік, Тірлік,тірлік түбі- бірлік. »	<i>Бағдарламаны іске асыру шеңберінде тәрбие мазмұнын айқындау, құндылықтар жайлы өзара ой-пікір бөлісу</i>	Шығармашылық топ мүшелері.	Коучинг жоспары бейне жазба	Қаңтар	<i>Ата-аналар өзара балабақшамен ата-аналардың бірлесіп атқаратын жұмыстарын талқылап қолдана біледі.</i>	Ата-аналармен жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба
4	Ойын «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу»	Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы, ұлттық құндылықтарды әділдікке, достыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелей отырып адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.	Әдіскер, шығармашылық топ мүшелері.	слайд	Наурыз	Балалар ұлттық ойындарды үйреніп ұлттық құндылықтарды әділдікке, достыққа,еңбекқорлыққа тәрбиеленеді. Ойынды балалардың өз халқының салт-дәстүрлерін бойына сіңіру. Құралы ретінде пайдалану, соның негізінде ұлттық сана-сезімі, ұлттық мәдениеті қалыптастырылады.	Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба
5	Жаңа	Балалардың				Балалардың	Әдістемелік	

	инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту тиімді пайдалану технологиялары	қызығушылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру жолдарын көрсету. Ұйымдастырылған Іс-әрекетте инновациялық технологияларды, соның ішінде ойын, сыни тұрғыдан ойлау, саралау т.б технологиясын пайдаланудың тиімділігі қарастырылған.				қызығушылығын қалыптастырып теориялық тұрғыда негіздеп, оқу үрдісінің тиімділігін арттырады жолдарын көрсетеді. Ұйымдастырылған Іс-әрекетте инновациялық технологияларды, соның ішінде ойын, сыни тұрғыдан ойлау, саралау т.б технологиясын пайдаланудың тиімділігін көрсетеді	консультация	
6	«Бестемше» ұлттық ойыны- бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің бір жолы	баланы зияткерлікке, талғампаздыққа, есте сақтауға, қажетті ақпаратқа назар аударуға, дұрыс шешім шығаруға, жоспарлай алуға мүмкіндік берген қазақтың ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге үйрету.	Әдіскер, шығармашылық топ мүшелері.	Ойын құралы	Мамыр	зияткерлік, талғампаздық, есте сақтау, қажетті ақпарат алуға машықтанады	Ермек	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба

3.1.2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1	№1 Педагогикалық кеңес Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары Мақсаты: 2024-2025 оқу жылындағы оқыту тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 30.07.2024ж. № 194 бұйрығымен таныстыру	Қыркүйек	Ильясова Ж.К. -менгеруші	
2	Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы		Ильясова Ж.К -әдіскер	
3	Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну		Ильясова Ж.К -әдіскер	
4	Бөбекжайдың сараптау және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту		Ильясова Ж.К- меңгеруші	
5	Ағымдағы мәселелер: ❖ педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту			
6	❖ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі; ❖ Әдістемелік кеңес, аттестаттау , сараптау кеңес құрамын бекіту;			

1 2 3 4 5	№2 Педагогикалық кеңес «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері» «Ұлттық үстел үсті ойындары» (шебер сынып) «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру (өз тәжірибесімен бөлісу) Көрме «Қоқысты-табысқа айналдырайық!» Жарамсыз қалдықтардан-ойыншықтар жасау Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. (табиғат аясындағы жұмыстарды қалыптастыру № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.	Қаңтар	ортаңғы топ тәрбиешілері ересек топ тәрбиешілері мектепалды топ тәрбиешілері ортаңғы топ тәрбиешілері әдіскер	
1 2 3	№3 Педагогикалық кеңес 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. Жазғы сауықтыру жұмысының іс- шараларын бекіту. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмысының есебі. Іскерлік ойын: «Әдеби ертегі» ойын-викторинасы	Мамыр	Ильясова Ж.К әдіскер Ильясова Ж.К меңгеруші Барлық педагогтар Рахимова Б. тәрбиеші	

3.1.3. ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЗЕРДЕЛЕУ, ЖАЛПЫЛАУ, ЕНГІЗУ, ТАРАТУ

Тақырыбы: Танымдық оқиға, бақылау мен деректерді жинау

Мақсат: балаларды бақылай отырып, бақылау деректерін жинау арқылы тәрбиеленушінің танымдық қабілетін арттыру.

Міндеті:

- баланың бойындағы танымдық қабілетін арттыру;
- бақылау арқылы деректерді жинау;
- қызығушылықтарына сай ойын әрекеттерін ұйымдастыру.

Аты жөні : Испанова Ұ.

тобы: «Балапан» ортаңғы тобы

Жетекшісі: әдіскер Ильясова Ж.К

№	Жұмыс барысы	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
I. Ұйымдастыру кезеңі				
1	Тақырыпты анықтау: Танымдық оқиға, бақылау мен деректерді жинау	Жоспар құру	қазан	тәрбиеші, әдіскер
2	Топтағы тәрбиеленушілерге бақылау жүргізу	Бақылау, деректерді жинау	қараша	тәрбиеші
3	Қызығушылықтарына сай ойын әрекеттерін ұйымдастыру.	Күн барысындағы ойын әрекеттері	желтоқсан	тәрбиеші, әдіскер
II. Озық тәжірибе, ортақ әдіс				
1	Жоспарға сай жас маманға әдістемелік көмек көрсету. Танымдық оқиға жазу бойынша білімін жетілдіруге көмектесу.	Шебер сынып, менторинг, кеңес	Жыл бойы	тәрбиеші, әдіскер
2	Жас мамандардың өзара бақылауға, деректерді тіркеуге қатысуын ұйымдастыру	Шебер сынып, коучинг	Қаңтар	тәрбиеші
3	Озық педагогикалық тәжірибені таратушы педагогтың аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы	Қалалық семинар, конференциялар, онлайн вебинар	Жыл бойы	тәрбиеші, әдіскер
III. Аprobация процесін іске асыру бағытындағы жұмыстар				
1	Кәсіби сайыстар мен өзара байқауларға қатысуы	Сайыстар, байқаулар	Жоспарға сәйкес	тәрбиеші, әдіскер
2	Педагогтің танымдық оқиғаларын баспаға дайындау	БАҚ жұмыс	Желтоқсан,	тәрбиеші, әдіскер

			ақпан, сәуір	
3	Озат тәжірибе мүшесінің аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы	Облыстық семинар, конференциялар, онлайн вебинар	Жыл бойы Жоспарға сәйкес	тәрбиеші, әдіскер
	IV. Қорытынды, саралау, талдау жұмыстары			
1	Озық тәжірибені насихаттау, өзге балабақшалармен байланыс орнату	Дөңгелек үстел, шебер сынып	Жоспарға сәйкес Мамыр	тәрбиешілер әдіскер ОТЖ мүшелері
2	«Жас мамандар» апталығын өткізіп, талдау жасау	Апталық іс-шара	Мамыр	тәрбиешілер әдіскер ОТЖ мүшелері
3	Озық тәжірибе мүшелерінің жұмысына талдау, жетекші есебін тыңдау	ОТЖ мүшелерінің отырысы, бөлім әдіскерлері	Мамыр	тәрбиеші, әдіскер
4	Қорытындылау: дөңгелек үстел	МДҰ басшылары, мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Қазан	тәрбиеші

3.1.4.ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: баланың жеке басын дамытуға жағдай жасау

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Топ аттары	Орындалу түрі
Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі				
1	Балалардың жастарына сәйкес болуы	Қазан	кіші топ тәрбиешілері	Шебер сынып
2	Тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы	Қараша	Ортаңғы топ тәрбиешілері	Шебер сынып
3	Эмоционалды қолайлық пен баланың жеке басын дамытуға жағдай жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі	Қаңтар	Ерексек топ тәрбиешілер	Шебер сынып
4	Түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы	Сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері	Шебер сынып

3.1.5. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағымды қарым- қатынас қалыптастыру

Даму мүмкіндігі шектеулі) балалармен қушылармен жүргізілетін психологиялық жұмыстар

№	Жұмыстың мазмұны	Жүргізу формасы	Жүргізілетін уақыт	Зерттеу әдістемесінің мақсаты, әдістемені ұсынушы	Жауапты маман
1	«Біз бақытты балдырған»	тренинг	Қазан	Баланың отбасымен қарым-қатынасын барынша анықтау	Ильясова Ж.К
2	Менің әлемімнің бояулары	Сергіту жаттығуы	Қараша	Ойын ойнап, олардың көңіл-күйін көтеру, бақшаға деген қызығушылықтарын ояту	Рахимова Б.
3	Сурет салдыру Менің отбасым	Әдістеме	Желтоқсан	Ой-өріс дамуының деңгейін анықтау	Ильясова Ж.К
4	Менің ұнайтын ,ұнамайтын заттар	Сурет салғызу	Сәуір	Салынған сурет арқылы баланың қызығушылығы мен ынтасын анықтау	Діллә А.
5	«Балапан тыныштықты жақсы көреді»	Тренинг	Қаңтар	Баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамыту, ынтасын арттыру	Испанова Ұ.
6	Әртүрлі ойындар ойнату «Кім жылдам?»	Ойындар	Ақпан	Баламен ойын ойнап, олардың көңіл-күйін көтеру, мектепке деген қызығушылығын ояту.	Жакипова М.

3.1.6. БАЙҚАУЛАР

(жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу)

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвлюция
1	«Ана тілім - айбыным»	Балалардың өз ана-тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, өз ұлтына еліне деген сүйіспеншілігін ояту	музыка жетекшісі	Қыркүйек	Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау	Әлеуметтік желіге жариялым
2	«Ән шырқайық бәріміз»	Балалардың өз еліне деген құрмет сезімін арттыру, өз ұлтына еліне деген сүйіспеншілігін ояту	музыка жетекшісі	Қазан	Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы	Әлеуметтік желіге жариялым
3	«Балаларға базарлық»	Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту, мобильді кітапхана бұрышын ұйымдастыру	Рахимова Б.	Қараша	Байқау, кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы» (топ аралық)	Әлеуметтік желіге жариялым
4	«Әкем – асқар тауым» әкелердің.	Балалардың отбасына, әкеге деген құрметін арттыру, әке мен бала арасын жақындату	тәрбиешілер	Қараша	Тәрбие мектебін дәріптеу байқауы	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Сайыс: «Сен білесің бе?»	Педагогтердің шығармашылық қабілеттерін арттыру.	Жакипова М.	Желтоқсан	Педагогтер аралық сайыс	Әлеуметтік желіге жариялым
6	«Театрлық ойындар»	Топтардағы театрлық қызметті анықтау	Испанова Ұ.	Қаңтар	Көрме: педагогтар үшін	Әлеуметтік желіге жариялым
7	«Сюжетті –ролдік ойындар»	Топтардағы сюжетті рөлді ойындарды толықтыру деңгейін анықтау	Діллә А.	Ақпан	Байқау: педагогтар үшін	Әлеуметтік желіге жариялым
8	«Кітаптар сыр шертеді»	Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту, мобильді кітапхана бұрышын ұйымдастыру	тәрбиешілер	Ақпан	Байқау, кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы» (топ аралық)	Әлеуметтік желіге жариялым
9	«Ертегі құрастыру да өнер»	Педагогтердің шығармашылық қабілеттерін, педагогикалық біліктіліктерін арттыру.	тәрбиешілер	Наурыз	Сайыс: педагогтар үшін	Әлеуметтік желіге жариялым
1	«Биші жұлдыз»	Балалардың би өнеріне деген	музыка жетекшісі	Сәуір	Байқау: би байқауы	Әлеуметтік

3.1.7. КЕҢЕС БЕРУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орындалу түрі	Эвалюция
1	2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру	тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, педагогтердің негізгі міндеттерімен таныстыру	Ильясова Ж.К-әдіскер	Әдістемелік нұсқаулық хат, слайд	Қыркүйек	тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, педагогтердің негізгі міндеттерін біледі	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым
2	«Отбасы күні: махаббат пен бақыт»	Отбасы құндылықтары туралы мәлімет беру	Ильясова Ж.К-әдіскер	жадынама	Қазан	Отбасы құндылықтары туралы мәліметке ие болады	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібі	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібімен таныстыру	Ильясова Ж.К-әдіскер	Бұйрық слайд	Қараша	Педагогтерді аттестациядан өткізу жолдарын түсінеді	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
4	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібі	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібімен таныстыру	Ильясова Ж.К-әдіскер	Бұйрық слайд	Қараша	Педагогтерді аттестациядан өткізу жолдарын түсінеді	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Нормативтік құқықтық актілер	Жаңа өзгерістермен танысытру	Ильясова Ж.К-әдіскер	Бұйрық слайд	Наурыз	Жаңа норматив туралы түсінігі артады	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым
6	Ұлттық құндылықтар бағдарламасы	Бағдарламамен таныстыруды жалғастыру	Ильясова Ж.К-әдіскер	слайд	Тамыз	Құндылықтың туралы ұғымы кеңейеді	Шебер сынып	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.8. СЕМИНАРЛАР, СЕМИНАР-ПРАКТИКУМДАР, ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫ

Мақсаты: педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, өз бетінше ізденулеріне көмектесу, өздігінен білім алу жағдайларын қарастыру.

Тақырыбы: Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру.

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвлюция
1	«Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы»	Жас мамандарға өзін-өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу	Ильясова Ж.К-әдіскер	Қазан	Семинар-тренинг	Әлеуметтік желіге жариялым
2	«Мен және біз»	Баладағы психикалық даму заңдылықтарын түсіне отырып үлкендермен жүргізілетін әдіс тәсілдер	Ильясова Ж.К-әдіскер	Ақпан	Психокоррекциялық -тренинг	Әлеуметтік желіге жариялым
4	Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырушылық мәдениеті	Мектепке дейінгі ұйым мәдениетін жетілдіру, үйрету	Ильясова Ж.К-әдіскер	Қараша	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Музыка әлемінің қызықты сәттері	Музыка сұлулығын сезінуге оны жүзеге асыруға машықтандыру	Музыка жетекшісі	Қаңтар	Шебер сынып	Әлеуметтік желіге жариялым
6	Мектепке дейінгі балаларды құрастыру шығармашылығына баулу	Балалардың шығармашылығын арттыру .	тәрбиешілер	Сәуір	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым
7	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдарын көрсету, нәтижесімен салыстыру	Испанова Ұ.	Мамыр	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым
8	Ұлттық құндылықтар бағдарламасы	Бағдарламамен таныстыруды жалғастыру	Ильясова Ж.К-әдіскер	Тамыз	слайд	Құндылықтыр туралы ұғымы кеңейеді

3.1.9. АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ҚАТЫСУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвалюция
1	Бақшадағы менің бір күнім	Ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру	Ильясова Ж.К.-әдіскер	Қыркүйек	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Мен Отаным мақтанамын	Күз мезгілінің тіршілікте тиер пайдасын, табиғаттың өзгешелігін, қыр-сырын тақпақ, өлең жолдар мен нақыл сөздер арқылы ой-өрісін дамыту.	музыка жетекшісі	Қазан	ертеңгілік	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Республика күні	Туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.	Рахимова Б. тәрбиеші	Қазан	тақырыптық	Әлеуметтік желіге жариялым

4	Қош келдің Жаңа жыл		Тәрбиеші, музыка жетекшісі	Желтоқсан	ертеңгілік	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Жаңа технология – жаңа біліммен	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы балалардың даму деңгейін, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, тәрбиеленушілердің ақпараттық мәдениет негіздерін қамтамасыз ету, танымдық дүниесін байыту.	Ильясова Ж.К-әдіскер	Желтоқсан	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге жариялым
6	Қыс кереметі	Балалардың қысқы қызықтар туралы білімдерін пысықтау. Сурет бойынша шағын әңгіме құрауға үйрету. Қыс қызығына деген қызығушылықтарын оята білуге және бір-біріне мейірімділікпен қарай білуге тәрбиелеу.	Барлық топ тәрбиешілері	Қаңтар	қысқы эстафета ойын	Әлеуметтік желіге жариялым
7	Анашым, жан анам!	: Аналар мерекесі жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту, сұлулыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі	Наурыз	ертеңгілік	Әлеуметтік желіге жариялым
8	Ата баба дәстүрі асыл мұра	Балаға қазақтың салт- дәстүрін айтып, ұлттық дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. - Өз халқымыздың дәстүрін, салтын, мәдениетін, әдеп-ғұрпын құрметтей білуге үйрету.	Жакипова М.- тәрбиеші	Наурыз	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге жариялым
9	Наурыз мерекесі	Ұлыстың ұлы күні туралы және дүниежүзілік халықтардың Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру. Халқымыздың салт – дәстүрін,	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі,	Наурыз	тақырыптық	Әлеуметтік желіге жариялым

		әдет – ғұрыпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету .				
	Біз жас экологпыз	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру.	тәрбиешілер	Сәуір	ермек	Әлеуметтік желіге жариялым
	Ата анам және мен	Балалардың жек тұлға болып қалыптасуына ата-ана беретін тәрбиенің әдіс- тәсілдерін жетілдіру, қарым-қатына орнату. Ата-аналарға оқытудағы жаналықтар туралы мәлімет беру. Ата-аналардың мектеппен тығыз байланысын орнату.	Ересек топ тәрбиешілері	Маусым	ашық есік күні, спорттық сайыс	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.10 Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері

(педагог қызметкер санына қарай әр педагог 1 көрсетілім ккрсетіледі)

Мақсаты: балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту

№	Жұмыс мазмұны (күн тәртібіндегі әрекет негізінде ұйымдастырады)	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1	«Ұлттық құндылықтарды дәріптейік»	Қазан	Рахимова Б. -тәрбиеші	
2	«Күз кереметі »	Қазан	Жакипова М.-тәрбиеші	
3	«Ғажайып математика әлемі»	Қазан	Испанова Ұ.-тәрбиеші	
4	«Шахмат әлеміндегі қызықтар»	Қараша	Діллә А.	
5	«Мен және менің отбасым»	Қараша	Рахимова Б.	
6	«Жеті лақ ертегісі»	Қараша	Жакипова М.–тәрбиеші	
7	«Табиғатты аялайық»	Қараша	Испанова Ұ.-тәрбиеші	
8	«Сыйқырлы сандар»	Қараша	Діллә А.-тәрбиеші	

3.1.11. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орынд алу түрі	Эвлюция
1	Жобалық оқыту технологиясы	Инновациялық жұмыстар өзіндік жоспарлауға негізделеді, процесс даму моделі жүйеленіп жоспарланады, режимде басқару және педагогикалық қызметкерлердің басқарушылық қызметі үшін шешім әзірлеу және қабылдау машықтары, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің топпен жұмыс істей білу қабілеті артады.	Рахимова Б. Жакипова М. тәрбиешілер	Қазан	Дөңге лек үстел	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Модульдік оқыту технологиясы	Бұл оқу ақпаратын блок-модульдік ұсыну негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Модульдік оқыту оқу ақпаратын, оқыту мазмұнын қатаң құрылымдауды және тәрбиеленушілердің толық, логикалық аяқталған оқу блоктарымен жұмысын ұйымдастыруды қамтиды.	Испанова Ұ,- тәрбиеші	Қараша	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Ойын технологиясы	Әр түрлі педагогикалық ойындар түрінде педагогикалық процесті ұйымдастыру. Бұл педагогтың: ойындарды іріктеу, әзірлеу, дайындау; балаларды ойын іс-әрекетіне қосу; ойынның өзін жүзеге асыру; ойын іс-әрекетінің қорытындыларын, нәтижелерін шығару бойынша жүйеленеді	Діллә А. -тәрбиеші	Сәуір	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.12. ЭКСПЕРИМЕНТТІК ӘРЕКЕТКЕ ҚАТЫСУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвалюция
1	Балабақшамызда жас зерттеушілер	Балалардың танымдық әлеуметтік қабілеттерін арттыру, олардың қажеттілігі мен қызығушылығын ескеріп, тәжірибелік зерттеу жұмыстарын енгізу.	Рахимова Б. Испанова Ұ. тәрбиешілер	Қыркүйек	Тәжірибелік жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Қызықты тәжірибе	Таныс материалдармен дербес эксперимент жасау, құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынасқа түсуді үйрету.	Жакипова М.- тәрбиеші	Қазан	Тәжірибелік жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Жоба жұмыстары аквобоника	балықтың көмегімен өсімдіктерді арнайы жүйеде топырақсыз өсіру әдісін балаға үйрету. Балық пен өсімдік бір жүйеде бірге өсіп, жетіліп өсіне қамқорлық жасауға машықтандыру, зерттеу әрекетіне үйрету, қызығушылығын арттыру	Діллә А.	Жыл бойы	Тәжірибелік жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым
4	Танымдық оқиға, бақылау мен деректерді жинау	балаларды бақылай отырып, бақылау деректерін жинау арқылы тәрбиеленушінің танымдық қабілетін арттыру.	Рахимова Б.	Жыл бойы	Тәжірибелік жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Шығармашылық зерттеу жұмыстары	<i>Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</i>	Жакипова М.	тәрбиеші	Тәжірибелік жұмыс	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.13. ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТТІ ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУ

Мақсаты: инновациялық білім беру ортасын, педагогикалық және басқару кадрларының потенциолын дамыту арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымының кешендік жетілуіне көмектесу

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвалюция
1	Жаңа пед технологиялар	Оқыту тәрбиелік үрдісте қазіргі заманға құралдарды қолдануды жетелеу	Әдіскер	Қазан	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Тәрбиешілердің әдістемелік қоржыны	Шығармашылық тұрғыдан белсене жұмыс атқаратын педагогтердің тәжірибелерін тарату	педагогтер	үнемі	Әдістемелік әзірлеме	Баспаға беру, сараптау кеңесіне ұсыну
3	Арнайы әдістемелік әдебиет бойынша бөлінген бөлімдер қызметі, әдістемелік құралдар мен демонстрациялық материалдарды жинақтау: - дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары; - мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу; - сенсорлық тәрбиелеу; - бала мен қоршаған әлем; - сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет; - математика негіздері;	Оқыту мен тәрбие үрдісінде қазіргі заманға құралдармен толықтыру	менгеруші	Тамыз-қыркүйек	Әдістемелік материалдар	Баспаға беру, сараптау кеңесіне ұсыну
4	Тәрбиешілердің шығармашылық жобалары, жеке бағдарламалары бойынша құжаттар мен әдістемелік материалдарды жинақтау	Тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігінің шығармашылығын үздіксіз дамыту	әдіскер	Жыл бойы	Әдістемелік материалдар	Баспаға беру, сараптау кеңесіне ұсыну
5	Жасақтау: а) - мамандардың жүргізетін ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекіту; - сауықтыру жұмысы бойынша ұсыныстарды әзірлеу;	Кесте бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын бақылау, анықтау	әдіскер медбике	Қыркүйек Қаңтар мамыр	Кесте	

	- Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша мониторинг қорытындылары.					
6	б) тәрбиешілерге арналған жадынама: - кешенді сауықтыру; -заттық-дамытушы орталықтарды жабдықтау.	Кеңестер бойынша жадынамаларды дайындау	әдіскер	Жоспар бойынша	Жадынама	Әлеуметтік желіге жариялым
7	- Педагогикалық кеңеске дайындық; - Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыстарын қарау, шығармашылық есептері; - Педагогтардың өзара әдіс алмасу деңгейі, әріптестерінің ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысуы; - Конференция, семинар, вебинарларға және бөбекжайішілік педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, семинарларға қатысуы, сөйлеген сөзі; - Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарына баруын қарастыру; - Аттестация материалдарын дайындау.	Педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру	әдіскер	Жыл бойы	Баяндама, презентация, есептер	Әлеуметтік желіге жариялым, фото жинақ

3.2. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.

3.2.1. тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және т.б. өткізу).

Шымкент қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024ж. № 194 бұйрығы

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту****Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:**

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Құндылық: бірлік және ынтымақ**Құзыреттілік: тиімді коммуникация**

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;
басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;
ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
уәделерді орындай білу.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;
үлкендерді құрметтей білу;
үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі:

шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту;

сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;

жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары				
1.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының кешенді жоспарын дайындау, ведомствоаралық өзара әрекеттесу алгоритмін жасақтау және бекіту.	Өңірлік жоспар	Жергілікті атқарушы орган, Білім басқармасы	Тамыз 2024 жыл
2.	Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім мен тәрбие беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізу негізінде жергілікті мүдделі орган өкілдерімен кездесу.	Іс-шаралар	Басқармалар	Тұрақты
3.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны және оны енгізу алгоритмі бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру.	Ақпарат	Білім басқармасы, әдістемелік орталық, шығармашылық топ	12-16.08.2024ж.
4.	Білім басқармасының сайтына кешенді жоспарды орналастырып, педагогтер қауымын ақпараттандыру.	Ақпарат	Білім басқармасы, әдістемелік орталық, шығармашылық топ	Қыркүйек 2024 жыл
5.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының	Іс-шаралар жоспары	Білім беру басқармасы	Тұрақты

	алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңын жүзеге асыру мақсатына білім беру ұйымдарында құқық қорғау қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру (кездесулер, онлайн талқылаулар, сауалнамалар, бейнематериалдар шеруі т.б.)		Полиция департаменті Төтенше жағдайлар басқармасы	
6.	Білім беру ұйымдарын жарақтандыру (мектептер, колледждер, мектепке дейінгі ұйымдар) террористік тұрғыдан осал объектілерді, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жабдықтар және Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілер (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы) мамандандырылған күзет, бейнекамералар, Жедел басқару орталықтарына қосу, дабыл түймесі.	Зерделеу, мониторинг	Білім беру басқармасы Полиция департаменті Төтенше жағдайлар басқармасы	2024-2029 жж.
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, аймақтық жол картасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары				
1-тарау. Тең бастапқы мүмкіндіктер жасау				
1.	Мектепке дейінгі ұйымдарда	Балаға қолайлы жағдай,	ББ, мектепке дейінгі	2024-2027 жылдар

	санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өртке қарсы және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес қауіпсіз білім беру ортасын құру.	қауіпсіз орта құрылады	ұйымдар, әдістемелік орталық, ЖАО (келісу бойынша)	
2.	Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер желісін кеңейту.	Консультациялық пункттер желісі кеңейеді	ББ, мектепке дейінгі ұйымдар, әдістемелік орталық «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (келісу бойынша)	2024-2027 жылдар
3.	Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтарын құру	Құзыреттілік орталықтар аумағы артады	ББ, мектепке дейінгі ұйымдар, әдістемелік орталық, «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (келісу бойынша)	2024-2027 жылдар
4.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатында (71 мемлекеттік балабақшаларда) пәндік-кеңістікті дамыту ортаны жаңғырту (МЖМСБ)	Пәндік-кеңістікті дамыту ортасы құрылады, балаларға қолайлы жағдай жасалады	Мектепке дейінгі ұйымдар, әдістемелік орталық, «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (келісу бойынша)	2024-2027 жылдар
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат				
18	Білім беру ұйымдарының педагогтерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша іс- шаралар өткізу.	Мәлімет	ББ, МДҰ, ЖАО (келісу бойынша)	2024-2027 жылдар
19	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу үшін диалог алаңдарын ұйымдастыру	Мәлімет	ББ, МДҰ, ЖАО (келісу бойынша)	2024-2027 жылдар

Күнделікті атқарылатын іс-шара

Апта дәйексөзі: Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі! (Б.Момышұлы)

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
3	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды сыныптың педагогтері, ата-аналар	Күнделікті Жыл бойы
4	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілер, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

